

Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесінде лауазымдарға орналастыру үшін конкурс пен тағылымдама өткізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 4 мамырдағы № 40 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 4 шілдеде № 9561 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 13 қаңтардағы № 18 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 13.01.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 06.04.2018 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 06.04.2018 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесінде лауазымдарға орналастыру үшін конкурс пен тағылымдама өткізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 06.04.2018 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында, ведомстволары мен мекемелерінде лауазымдарға орналасу үшін конкурс пен тағылымдама өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2013 жылғы 28 тамыздағы № 89 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8781 тіркелген , "Егемен Қазақстан" газетінде № 247 (28186) 2013 жылғы 6 қарашада жарияланған).

3. Кадр жұмысы департаментінің бастығы осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуге шаралар қабылдасын.

4. Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасы прокуратура органдары, ведомстволары мен мекемелерінің барлық қызметкерлері таныстырылсын.

5. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Кадр жұмысы департаментіне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

A. Дауылбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Төрағасы

А.Байменов

2014 жылғы 27 маусым

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2014 жылғы 4 мамырдағы
№ 40 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесінде лауазымдарға орналастыру үшін конкурс пен тағылымдама өткізу қағидалары

Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 06.04.2018 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 06.04.2018 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесінде лауазымдарға орналастыру үшін конкурс пен тағылымдама өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – "Құқық қорғау қызметі туралы" Заң) сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 06.04.2018 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесіне (бұдан әрі – прокуратура органдары) конкурстық негізде қызметке кіру осы Қағидалардың 1-көсімшасына сай конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес бос лауазымдарға жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 06.04.2018 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Конкурс:

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тағайындауды жүзеге асыратын бос лауазымдарға Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен (бұдан әрі – Бас прокуратура);

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен (бұдан әрі - ҚСжАЕК) ҚСжАЕК-нің Төрағасымен;

облыстық, Астана, Алматы қалаларының прокуратуralары, Бас көлік прокуратурасы, ҚСжАЕК-нің аумақтық бөлімшелерімен - тиісті уәкілетті басшыларымен;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясымен (бұдан әрі - Құқық қорғау органдары академиясы) - Құқық қорғау органдары академиясының ректорымен.

Конкурс құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, конкурстан тыс қызметке қабылдануға құқығы бар адамдардың, бос орынға орналасуға резервке енгізілген кандидаттардың қатарынан өздерінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері бос орынға орналастыруға сәйкес келетін кандидаттар болмаған жағдайда жарияланады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 25.02.2016 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Азаматтар іріктеуге және конкурсқа қатысу шығыстары (тестілеу, әңгімелесу, тағылымдама өтетін жерге келу және қайту, тұрғын үй-жай жалдау, тұру, байланыс қызметінің барлық тұрларін пайдалану және басқа да шығыстар) азаматтардың өздерінің жеке қаражаттарының есебінен жүргізіледі.

5. Конкурс келесі құжаттардың негізінде жүргізіледі:

- 1) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысандағы саулнама;

3) осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (тұрғылықты тұратын мекенжайы мен телефонын, оның ішінде байланыс телефонын көрсете отырып) толтырылған кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;

4) жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы ерлі-зайыптарын көрсете отырып, осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған қолмен немесе басылып жазылған толық өмірбаяны;

5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

- 6) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

7) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

8) әскери билеттің немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркелгені туралы күәліктің көшірмесі;

9) 3x4 үлгідегі (2 дана) сурет;

10) "Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жүбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктегі туралы декларацияны тұратын жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыс еткенін растайтын құжаттар;

11) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәннен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеудің нәтижелері;

12) прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау үшін медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден өтудің және міндettі арнайы тексерістің қорытындылары;

13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарының сottылығы жоқтығы, сот тәртібімен соңғы бір жылдың ішінде қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны туралы анықтама;

14) соңғы жұмыс (оку) орнынан мінездеме.

Көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және іскерлік беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтардың берілуі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпарат бере алады.

Ескеरту. 5-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 25.02.2016 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тaraу. Прокуратура органдарына қызметке қабылдау кезінде конкурс өткізу

Ескерту. 2-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 06.04.2018 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Прокуратура органдары конкурс өткізу үшін конкурстық комиссияны құрады.

7. Прокуратура органының басшысының немесе өкілетті басшысының бұйрығымен бекітілетін конкурстық комиссияның құрамы бес мүшеден кем болмауды тиіс.

Конкурстық комиссияның орнында жоқ мүшелерін алмастыруға тыйым салынады.

Конкурстық комиссияның хатшысы болып прокуратура органының кадр жұмысы бөлімшесінің өкілі табылады және ол оның ұйымдастырушылық жұмысын қамтамасыз етеді және дауыс беруге қатыспайды.

8. Конкурстық комиссияның құрамына прокуратура органы бөлімшелерінің басшылары, ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, кадр жұмысы жөніндегі бөлімшелердің өкілдері және өзге де қызметкерлер енгізіледі.

Конкурс жарияланған бос лауазымы бар бөлімшелердің басшылары конкурстық комиссияның жұмысына қатысу үшін шақыртылуы мүмкін, олардың пікірі ұсыныс сипатында болады.

9. Прокуратура органы басшысының не үәкілетті басшысының шешімі бойынша конкурстық комиссияның төрағасы болып оның орынбасары немесе өзге тұлға тағайындалады.

10. Конкурстық комиссия осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген құжаттарды, соның ішінде тағылымдамадан өту нәтижелерін қарайтын және конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтармен (бұдан әрі – кандидаттар) әңгімелесуді өткізетін, сондай-ақ жарияланған бос лауазымға орналасуға кандидаттарды түпкілікті іріктеуді және бос лауазымға орналастырудың резервіне енгізуді жүзеге асыратын алқалы орган болып табылады.

11. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер отырысқа қатысқан конкурстық комиссия мүшелерінің ішінен көпшілік дауыс берсе, ол қабылданды деп есептеледі.

Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Шешім хаттама түрінде ресімделеді және оған конкурстық комиссияның төрағасы, мүшелері мен хатшысы қол қояды.

12. Конкурстық комиссияның отырысы оның құрамының кемінде үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда занды деп есептеледі.

13. Конкурсты өткізу туралы хабарландыру Бас прокуратураның, конкурсты жариялаған прокуратура органының, сондай-ақ мемлекеттік қызмет істері жөніндегі үәкілетті органның интернет-ресурстарында жарияланады.

Негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыста болу кезеңіне бос лауазымға орналастыру үшін конкурс өткізілген жағдайда мұндай шарт конкурсы өткізу туралы хабарландыруда көрсетіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 22.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді:

1) прокуратура органының орналасқан жері, атауы, пошталық мекенжайлары, байланыс телефондары мен факс нөмірлері;

2) негізгі функционалдық міндеттері, еңбек ақысының көлемі мен шарттары көрсетілген бос лауазымдардың атауы;

3) жарияланған бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес айқындалатын кандидатқа қойылатын негізгі талаптар;

4) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі, сондай-ақ құжаттарды қабылдау мерзімі мен орны (конкурсты жүргізу туралы соңғы жарияланым күнінен бастап жеті жұмыс күні) қамтылуы тиіс.

Хабарландыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін қосымша ақпаратты қамтуы мүмкін.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 22.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін жарияланған бос лауазымға тағайындауға (аудыстыруға) жол берілмейді.

16. Конкурстық комиссия кандидаттардың құжаттарын алдын ала қарауды құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

17. Алдын ала қарау қорытындысы бойынша конкурстық комиссия кандидаттың жарияланған лауазымға белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы шешім қабылдайды, немесе хаттамада көрсете отырып конкурсқа одан әрі қатыстырудан дәлелді бас тартады.

18. Жарияланған лауазымға белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде конкурстық комиссия кандидатты әңгімелесуден өтуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

Кандидаттарға хабар беру телефон арқылы, оның ішінде олардың электрондық мекен-жайларына хабарламалар жолдау арқылы жүзеге асырылады.

19. Конкурстық комиссия кандидаттармен әңгімелесуді олардың жеке, моралдық, іскерлік және кәсіби қасиеттерін бағалау мақсатында кандидаттың

әңгімелесуге жіберілгені туралы хабарланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өткізеді.

20. Конкурстық комиссия кандидаттың жеке, моралдық, іскерлік және кәсіби қасиеттерін бағалай отырып, жарияланған бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптары мен функционалдық міндеттерін негізге алады.

21. Әңгімелесу әрбір кандидатпен жеке өткізіледі және техникалық жазу құралдарының көмегімен кандидатқа ескертіле отырып бекітіледі.

22. Әңгімелесудің қорытындысы бойынша конкурстық комиссия кандидатты тағылымдамадан өтуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

23. Тағылымдама кандидаттың кәсіби жарамдылығын, практикалық машиқтарын, моральдық және іскерлік қасиеттерін зерттеу мақсатында жүргізіледі.

24. Конкурс жариялаған прокуратура органының кадр жұмысы бөлімшесі тағылымдама орнын және тағылымдама басшысын белгілейді.

25. Тағылымдама өту мерзімі 10 жұмыс күнін құрайды.

26. Тағылымдамаға бақылау жасау прокуратура органының кадр жұмысы бөлімшесіне жүктеледі.

27. Тағылымада жетекшісі:

- 1) тағылымдаманың жеке жоспарын әзірлейді және бекітеді;
- 2) тағылымдамашыны оның функционалдық міндеттерімен, прокуратура органының жұмысын ұйымдастырумен таныстырады;
- 3) тағылымдаманың жеке жоспарында көзделген мәселелерді зерделеу үшін қажетті әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;
- 4) тағылымдаманың жеке жоспарының уақтылы орындалуын бақылайды.

28. Тағылымдама кезеңінде прокуратура органына қызметке кандидат:

- 1) белгіленген мерзімде тағылымдаманың жеке жоспарында көзделген іс-шараларды орындайды;
- 2) прокуратура органының күн тәртібін және тәртіпті сақтайды;
- 3) атқарылған жұмыстың есебін жүргізеді;
- 4) тағылымдама процесінде алған мәліметтерді жария етпейді;
- 5) өз өмірі мен денсаулығына қауіп төнуі мүмкін іс-шараларды қоспағанда, прокуратура органдары өткізетін іс-шараларға қатысады;
- 6) қызметтік мүлікті және техникалық құралдарды ұқыпты ұстайды;
- 7) киімнің іскерлік стилін ұстанады.

29. Тағылымдама мерзімі аяқталған соң кандидат өзінің жеке жоспарды орындағанын көрсете отырып жазбаша есепті дайындайды. Есепке кандидат әзірлеген және тағылымдама жетекшісі қол қойған құжаттардың жобалары қоса тіркеледі.

30. Тағылымдама жетекшісі қол қоятын мінездеме кандидаттың тағылымдамадан өткен кезеңіндегі оның теориялық білімі мен практикалық жұмыстарын бағалаудың соңғы сатысы болып табылады. Мінездемеде кандидаттың алған білімі мен практикалық дағдыларының көлемі мен деңгейі, сондай-ақ кәсіби даярлығын, іскерлік қабілетін және кандидаттың жеке-дара нақты шешім қабылдау қабілеттілігін бағалау көрсетіледі.

31. Тағылымдама жетекшісі прокуратура органының кадр жұмысының бөлімшесіне тағылымдама аяқталған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей кандидатқа қатысты мінездемені ұсынады.

32. Кандидат тағылымдама өтетін орында дәлелді себептермен (науқастануы, отбасылық және өзге де мән-жайлар) болмаған жағдайда тағылымдама мерзімі ол болмаған уақытқа, бірақ бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

33. Кандидат:

- 1) осы Ережелердің 28-тармағында көзделген талаптардың біреуін бұзған;
- 2) тағылымдама өту орнында дәлелсіз себептермен болмаған;

3) тағылымдама өту орнында осы Ереженің 32-тармағында көзделген мерзімнен артық дәлелді себептермен болмаған жағдайларда тағылымдамадан өтпеген деп есептеледі.

34. Конкурстық комиссияның қорытынды отырысы кандидаттардың тағылымдамадан өткеннен кейін және прокуратура органдарына қызметке жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияларда өткізілген медициналық және психофизиологиялық куәландырудың, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеудің қорытындылары дайын болғаннан кейін өткізіледі.

35. Конкурстық комиссия қорытынды отырысты өткізу нәтижелері бойынша мына шешімдердің біреуін:

- 1) жарияланған бос лауазымға тағайындауға ұсынуды;
- 2) бос орынға орналастыру резервіне енгізуге ұсынуды;
- 3) жарияланған бос лауазымға тағайындаудан бас тартуды қабылдайды.

36. Конкурстық комиссияның бос орынға орналастыру резервіне енгізуге ұсынған кандидаттары конкурс жарияланған лауазым санаты бойынша резервке енгізіледі.

37. Конкурстық комиссияның резервке енгізу туралы ұсынысы әр бос лауазымға үшеуден көп емес кандидаттарға қатысты шығарылады.

38. Резервке енгізу прокуратура органы басшысының бүйрығымен конкурстық комиссияның шешімі шыққан күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

39. Кандидаттардың бос лауазымға орналасу резервінде болу мерзімі - оған енгізілген күннен бастап бір жыл.

40. Прокуратура органының кадр жұмысының бөлімшесі конкурстық комиссияның қабылдаған шешімі туралы кандидаттарға оның қорытынды отырысы болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлайды.

41. Жарияланған бос лауазымдарға тағайындалуға, сондай-ақ бос лауазымдарға орналастыру резервіне енгізуге ұсынылған кандидаттардың тізімі конкурстық комиссияның қорытынды отырысы өткізілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның ақпараттық стенділерінде, баршаға көрінетін жерлерге, сондай-ақ оның интернет-ресурсына орналастырылады.

42. Прокуратура органының басшысы немесе уәкілетті басшысы жарияланған бос лауазымға конкурстық комиссия ұсынған кандидатты тағайындайды.

43. Конкурстық комиссияның шешіміне жоғары тұрған прокуратура органына (жоғары тұрған лауазымды тұлғаға) немесе сотқа шағым келтірілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының
прокуратура органдары
жүйесінде лауазымдарға
орналастыру үшін конкурс пен
тағылымдама өткізу
қағидаларына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының прокуратура органдары жүйесінде конкурстық негізде орналасатын лауазымдардың тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 06.04.2018 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

1-тaraу. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының орталық аппараты, облыстық және аудандық органдары қызметкерлерінің лауазымдары (бұдан әрі – Бас прокуратура)

1. Бас прокуратураның орталық аппараты:

Департамент бастығы;

Қызмет бастығының орынбасары;

Бас Прокурордың ерекше тапсырмалар жөніндегі бойынша аға көмекшісі;

Бас прокуратураның Департамент бастығының орынбасары;

Бас прокуратураның дербес басқармасының бастығы;

Бас прокуратураның басқарма бастығы;

Дербес басқарма бастығының орынбасары;

Бас Прокурордың аға көмекшісі;
Бас прокуратураның басқарма бастығының орынбасары;
Бас прокуратураның бөлім бастығы;
Бас Прокурордың кеңесшісі, көмекшісі;
Бас прокуратураның басқарма, бөлім аға прокуроры;
Бас прокуратураның басқарма, бөлім прокуроры.

2. Бас прокуратураның облыстық органдары:

Облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурордың бірінші орынбасары;

Облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурордың орынбасары;

Облыс прокуратурасының және оған теңестірілген прокуратураның басқарма бастығы;

Облыс прокурорының аға көмекшісі;

Облыс прокуратурасының және оған теңестірілген прокуратураның басқарма бастығының орынбасары;

Облыс прокуратурасының және оған теңестірілген прокуратураның бөлім бастығы;

Облыс прокурорының көмекшісі;

Облыс прокуратурасының басқарма, бөлім аға прокуроры;

Облыс прокуратурасының басқарма, бөлім прокуроры.

3. Бас прокуратураның аудандық органдары:

Қала, аудан прокуроры және оған теңестірілген прокурор;

Қала, аудан прокурорының және оған теңестірілген прокурордың орынбасары;

Қала, аудан прокуратурасының және оған теңестірілген прокуратураның бөлім бастығы.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – КР Бас Прокурорының 22.04.2020 № 56 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

2-тaraу. Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясы (бұдан әрі - Академия) қызметкерлерінің лауазымдары

Академияның Аппарат басшысы;
Академия Институтының директоры;
Академияның профессоры;
Академия Институты директорының орынбасары;
Академия факультетінің деканы;
Академияның басқарма бастығы;
Академия орталығының бастығы;
Академияның кафедра менгерушісі;

Академияның бас ғылыми қызметкері;
Академия ректорының көмекшісі;
Академияның Ғылыми кеңесінің хатшысы;
Академияның бөлім бастығы;
Академияның Кезекші бөлімінің бастығы;
Академияның жетекші ғылыми қызметкері;
Академияның доценті;
Академияның басқарма, бөлім аға прокуроры;
Академияның аға ғылыми қызметкері;
Академияның аға оқытушысы.
Академияның басқарма, бөлім прокуроры;
Академияның басқарма, бөлім инспекторы;
Академияның ғылыми қызметкері;
Академияның оқытушысы.

3-тaraу. Бас прокуратуралың Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің (бұдан әрі - Комитет) орталық аппараты мен облыстық органдарының қызметкерлерінің лауазымдары

1. Комитеттің орталық аппараты:

Комитеттің басқарма бастығы;
Комитеттің бөлім бастығы;
Комитеттің басқарма, бөлім аға прокуроры;
Комитеттің басқарма, бөлім прокуроры.

2. Комитеттің облыстық органдары:

Комитеттің облыстық органының бастығы;
Комитеттің облыстық органы бастығының орынбасары;
Комитеттің облыстық органының басқарма бастығы;
Комитеттің облыстық органының басқарма бастығының орынбасары;
Комитеттің облыстық органының басқарма, бөлім аға прокуроры;
Комитеттің облыстық органының басқарма, бөлім прокуроры.

Қазақстан Республикасының
прокуратура органдарында,
ведомстволары мен мекемелерінде
лауазымдарға орналасу үшін
конкурс пен тағылымдама өткізу
ережесіне 2-қосымша

Нысан

Прокуратура органының, ведомствосы

мен мекемесінің басшысы

Өтініш

(лауазымның атауы)

бос лауазымына орналасу үшін конкурсқа қатысуға жіберуінізді сұраймын.

Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының бос лауазымдарына орналасу үшін конкурсты өткізу дін шарттары мен тәртібімен таныстым және оларды орындауға міндеттенемін.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқа екендігін растаймын.

(Қолы)

(Т.А.Ә.)

20 ____ жылғы "___"
Қазақстан Республикасының
прокуратура органдарында,
ведомстволары мен мекемелерінде
лауазымдарға орналасу үшін
конкурс пен тағылымдама өткізу
ережесіне 3-қосымша

Нысан

САУАЛНАМА

(өз қолымен толтырылады)

1. Тегі (егер өзгертсөніз, бұрынғысын көрсетіңіз) _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

2. Азаматтығы _____

егер өзгертсөніз, қай уақытта

өзгерткенінізді көрсетіңіз _____

3. Сотталғансыз ба, қашан және не үшін _____

4. Шетелдегі оқу немесе жұмыс _____

Келген ел _____

Келген уақыт _____

Жұмыс немесе оқу орны _____

5. Соттың шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылдыңыз ба, қашан және не үшін _____

6. Белгілі бір мерзімге мемлекеттік қызметпен айналысу құқығынан айырылдыңыз ба, қашан және не үшін _____

7. Прокуратура органының:

- 1) Сіз ұмтылған лауазым тікелей бағынысты _____
2) Сіз ұмтылған лауазым тікелей бағынатын _____
лауазымды атқаратын қызметкердің (ата-анасы, ұлы, қызы, асырап алушысы, асырып алынған, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер немесе апалы-сіңлілер, атасы, әжесі, немересі, зайыбы немесе жұбайы) жақын туысы болып табыласыз ба.

8. Прокуратура органдарына қызметке орналасардан үш жыл бұрын сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылдыңыз ба, қашан және кіммен _____

— 9. Прокуратура органдарына қызметке орналасардан үш жыл бұрын сот тәртібімен қасақана құқық бұзушылық жасағаныңыз үшін әкімшілік жазаға тартылдыңыз ба, қашан және не үшін _____

— 10. Құқық қорғау органдарына қызметке орналасардан үш жыл бұрын сот тәртібімен сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаныңыз үшін әкімшілік жазаға тартылдыңыз ба, қашан және не үшін _____

— 11. Бұрын құқық қорғау қызметінде болдыңыз ба, _____, егер болсаңыз, жұмыстан шығу себептерін көрсетіңіз _____

20 ____ ж." ____

(қолы)

Қазақстан Республикасының
прокуратура органдарында,
ведомстволары мен мекемелерінде
лауазымдарга орналасу үшін
конкурс пен тағылымдама өткізу
ережесіне 4-қосымша

Нысан

Кадр есебі жөніндегі жеке

ІС ПАРАФЫ
ЛИЧНЫЙ ЛИСТОК
по учету кадров

Фотосуретке арналған орын
Место для фотокарточки

1. Тегі _____

Фамилия

аты _____

имя

әкесінің аты _____

отчество

2. Жынысы _____

Пол

3. Туған жылы, айы, күні _____

Год, число и м-ц рождения

4. Туған жері _____

Место рождения (ауыл, деревня, қала, аудан, облыс, республика)

(село, деревня, город, район, область, республика)

5. Ұлты _____ 6. Азаматтығы _____

Национальность Гражданство

7. Білімі _____

Образование

Оқу орнының атауы және оның тұрған жері Название учебного заведения и его местонахождение	Факультеті немесе бөлімі Факультет или отделение	Түскен жылы Год поступления	Бітірген немесе шыққан жылы Год окончания или ухода	Бітірмесе, қай курстан кетті Если не оконч. то с какого курса ушел	Оқу орнын бітірген соң қандай біліктілік алғы шықты, диплом не күәлік номерін көрсету керек. К а к у ю квалификацию получил в результате окончания учебного заведения, указать № диплома или удостоверения
--	---	--------------------------------	--	---	---

8. Ана тілініз, басқа қандай тілдерді және қай дәрежеде білесіз

Родной язык, какими другими языками владеете и в какой степени

(оки аласыз ба әлде сөздікпен аудара аласыз ба, оки аласыз ба әлде түсіне аласыз ба, еркін сөйлейсіз бе / читаете и переводите со словарем, читаете и можете объясняться, владеете свободно)

9. Фылыми дәрежеңіз, атағыңыз

Ученая степень, ученое звание

10. Қандай ғылыми еңбектеріңіз бен ғылыми жаңалықтарыңыз бар

Какие имеете научные труды и изобретения

11. Сіз және сіздің жақын туысқандарыңыз* сотты болғансыздар ма / Имеете
Вы и Ваши близкие родственники* судимость _____

(қашан және не үшін кім сottады, жазалау шарасы
кем, когда и за что осужден, мера наказания)

12. Еңбек жолын бастағаннан бері істеген жұмыстары (жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқыған жылдарын, әскери қызметін, қоса атқарған жұмысын, т.б. қоса есептегендे)

Выполняемая работа с начала трудовой деятельности (включая учебу в высших и средних специальных учебных заведениях, военную службу, работу по совместительству и др.)

Бұл тармақты толтырғанда мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар кезінде қалай аталса, сол қалпында берілсін, әскери қызмет лауазымы округімен қоса көрсетілсін.

При заполнении данного пункта учреждения, организации и предприятия необходимо именовать так, как они назывались в свое время, военную службу записывать с указанием должности, округа

*Жақын туысқандары: жұбайлар, олардың ата-аналары, аға-інілдері, апа-қарындастары (сіңлілдері), балалары

* Близкие родственники: супруги, их родители, братья, сестры, дети.

13. Жеке іс парагын толтырған кездегі отбасы жағдайы, Сіздің жақын туысқандарыңыз*

Семейное положение в момент заполнения личного листка

Ваши близкие родственники*

*Жақын туысқандары: жұбайлар, олардың ата-аналары, аға-інілдері, апа-қарындастары (сінлілдері), балалары

* Близкие родственники: супруги, их родители, братья, сестры, дети.

Егер осы адамдар белгіленген тәртіппен тегін, атын, әкесінің атын өзгерте, олардың бұрынғы тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ бұрынғы жұбайлар туралы деректер де көрсетілсін.

Указать и прежние фамилии, имена и отчества этих лиц, если они изменили их в установленном порядке, а также данные на бывших супругов.

14. Шетелдерде болуы (жұмыс, қызметтік іссапар, делегация құрамында бару)
)

Пребывание за границей (работа, служебная командировка, поездка с делегацией)

Жылы мен айы		
Месяц и год		Қай елде В какой стране
Қай уақыттан бастап	Қай уақытқа дейін	Шетелге келу себебі Цель пребывания за границей
С какого времени	По какое время	

15. Сайланбалы органдарға сайлады немесе сайланды (қайда, қандай органдарға және қашан)

В какие выборные органы избирался или избрали (где, в какие и когда)

16. Өскери қызметке қатысы

Отношение к воинской обязанности (әскери міндетті, әскери міндетті емес
Военнообязанный, невоеннообязанный)

(әскери-есепке алу мамандығы, әскери атағы, әскери билетінің номері және
ке номері/военно-учетная специальность, воинское звание, номер военного
лета и личный номер)

17. Қандай мемлекеттік наградаларыңыз бар

Какие имеете государственные награды (қашан, кім немен наградтады когда, кем и чем награждены)

18. Паспорты

Паспорт (сериясы, номері, кім және қашан берген, тіркелген мекен-жайы
серия, номер, кем и когда выдан)

19. Тұрғылықты мекен-жайы (тіркелген орны/нақты тұрғылықты жері)

Место жительства (адрес регистрации/фактического места жительства)

20 ж. " " Өзінің қолы

(толтырылған мезгілі/дата заполнения) Личная подпись

(Жеке іс парагын толтырушы қызметкер кейінгі өзгерістер туралы: (білімі, ғылыми дәреже, атақ алуды т.с.с. қызмет орнына хабарлауға міндетті. Бұл мағлұматтар жеке іс қағазына түсіріледі).

(Работник, заполняющий личный листок, обязан о всех последующих изменениях (образовании, присвоении ученой степени, ученого звания и т.п. сообщить по месту работы для внесения этих изменений в его личное дело).

Қазақстан Республикасының
прокуратура органдарында,
ведомстволары мен мекемелерінде
лауазымдарға орналасу үшін
конкурс пен тағылымдама өткізу
ережесіне 5-қосымша

Нысан

Өмірбаянды үміткер өз қолымен, еркін түрде, түзетулерсіз, төмендегі мәліметтерді міндетті түрде көрсете отырып жазады:

Автобиография пишется кандидатом собственноручно, в произвольной форме, без помарок и исправлений, с обязательным указанием следующих сведений:

- тегі, аты, экесінің аты, туған датасы мен жері, ұлты, ана тілі, тағы қандай тілдерді біледі;
- фамилия, имя, отчество, дата и место рождения, национальность, родной язык, какими языками еще владеет;
- қашан, қайда, қандай оку орындарында оқыды, білімі бойынша мамандығы;
- когда, где, в каких учебных заведениях учился, специальность по образованию;
- кім болып, қашан және қайда жұмыс істеді, кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның толық атауы мен мекен-жайы, бір жұмыстан басқа жұмысқа ауысу себебі көрсетілсін, тәртіптік, материалдық немесе қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылды ма (кашан, кім қолданы, не үшін, ықпал ету шарасы);
- кем, когда и где работал с указанием полного наименования и адреса предприятия, учреждения или организации, причины перехода с одной работы на другую, применялись ли меры дисциплинарного, материального или общественного воздействия (когда, кем, за что, мера воздействия);
- әскери міндеттілікке қатысы, мерзімді әскери қызметке қашан және қандай әскери комиссариат шақырды (егер шақырылмаса, себебі көрсетілсін), қандай әскери бөлімдерде (номерлері көрсетілсін)

ӨМІРБАЯН АВТОБИОГРАФИЯ

(тегі, аты, экесінің аты / фамилия, имя, отчество)

және кім болып қызмет атқарды, Қарулы Күштерден запасқа қашан және қандай лауазымнан босатылған, әскери атағы;	
- отношение к воинской обязанности, когда и каким военкоматом призван на действительную военную службу (если не призвался, указать причину), в каких воинских частях (указать номера) и в качестве кого проходил службу, когда и с какой должности уволен в запас Вооруженных Сил, воинское звание;	
- отбасы жағдайы, қашан некеге тұрды, әйелінің (ерінің) тегі, аты, әкесінің аты, туған датасы мен жері, ұлты, жұмыс орны мен лауазымы, тұрғылықты жері (сондай-ақ үміткер мен оның әйелінің (ерінің) жақын туысқандары; әкесі, шешесі, аға-інілері, апа-қарындастары (сіңлілері) мен балалары, сондай-ақ бұрынғы әйелдері (ерлері) және олардың жақын туысқандары, ажырасу себептері қөрсетіле отырып, некені бұзу туралы күәлітерінің номерлері, оларды қандай орган қашан бергені туралы мәліметтер; егер үміткер, оның әйелі (ері) немесе жақын туысқандары тегін, атын, әкесінің атын өзгерген болса, олардың бұрынғы бағыттық деректері қөрсетіледі, туысқандарынан кім ішкі істер органдарында немесе ішкі әскерлерде қызмет етеді (туысқандық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты, қайда, лауазымы, арнайы немесе әскери атағы);	
- семейное положение, когда вступил в брак, фамилия, имя, отчество, дата и место рождения, национальность; место работы и должность, место жительства жены (мужа); такие же сведения на близких родственников кандидата и его жены (мужа); отца, мать, братьев, сестер и детей, а также на бывших жен (мужей) и их близких родственников с указанием причин развода, номера свидетельств о расторжении брака, когда и каким органом оно выдано; если кандидат, его жена (муж) или их близкие родственники изменили фамилию, имя, отчество, то указывается и их прежние установочные данные; служит ли то из родственников в органах внутренних дел или во внутренних войсках (степень родства, фамилия, имя, отчество, где должность, специальное или воинское звание);	
- үміткер, оның әйелі (ері) немесе жақын туысқандарынан біреу шетел азаматтылығында тұрды ма (кім, туысқандық дәрежесі), олардың ішінде кім шетелдерде болды (қашан, қайда, қандай мақсатпен) немесе тұрақты тұруға шетелге шығу үшін өтініш білдірді (қашан, қандай себеппен), шетелдерде тұратын қазакстандық азаматтардың ішінде туысқандары бар ма (тегі, аты, әкесінің аты, туысқандық дәрежесі, немен айналысады, қайда тұрады), олармен байланыс немен көрінеді;	

- состоял ли кандидат, его жена (муж) или кто-нибудь из их родственников в иностранном гражданстве (кто, степень родства), кто из них был за границей (когда, где, с какой целью) или ходатайствовал о выезде за границу на постоянное место жительства (когда, по какой причине), имеются ли родственники, проживающие за границей (фамилия, имя, отчество, степень родства, род занятий, где проживают), в чем выражается связь с ними;
- үміткер, оның әйелі (ері) немесе олардың жақын туысқандарынан біреу қылмыстық не әкімшілік жауапкершілікке тартылған ба (қашан, не үшін, жазалау шарасы), осы адамдардың құқық қоргау органдары қызметіне қатысы;
- привлекался ли кандидат, его жена (муж) или кто-либо из их близких родственников к уголовной или административной ответственности (когда, за что, мера наказания);
- соңғы жұмыс орны мен лауазымы, тұрғылықты мекен-жайы, егер бір жерден екінші жерге көшуге тұра келсе, бұрынғы мекен-жайларын көрсетеді.
- место последней работы и должность, место жительства, если приходилось переезжать с одного места жительства на другое, то указываются прежние места жительства.

Қазақстан Республикасының
прокуратура органдарында,
ведомстволары мен мекемелерінде
лауазымдарға орналасу үшін
конкурс пен тағылымдама өткізу
ережесіне 6-қосымша

Компьютерлік тестілеу бағдарламалары

Лауазымдар санаттары	Бағдарлама	Тапсырмалар саны
	Қазақстан Республикасының заннамасын білуге арналған тестілеудің міндепті бөлімі Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрап), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (4 сұрап), Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексін (4 сұрап), Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін (4 сұрап), Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексін (4 сұрап), Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының кодексін (4 сұрап), Қазақстан	

C-GP-1, C-GP-2, C-OGP-2, C-OGP-3	<p>Республикасының Еңбек кодексін (5 сұрақ), "Прокуратура туралы" (12 сұрақ), "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы" (5 сұрақ), "Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарau тәртібі туралы" (5 сұрақ), "Құқық корғау қызметі туралы"(10 сұрақ), "Мемлекеттік қызмет туралы"(10 сұрақ), "Әкімшілік рәсімдер туралы" (5 сұрақ), "Мемлекеттік құпиялар туралы" (5 сұрақ), " Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" (5 сұрақ), " Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және кадағалау туралы" (5 сұрақ), "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" (5 сұрақ), "Ұлттық қауіпсіздік туралы" (3 сұрақ), " Нормативтік құқықтық актілер туралы" (5 сұрақ) Қазақстан Республикасының Зандарын, Ар-н амыс кодексін (10 сұрақ) білуге сұрақтарды қосады</p>	120 сұрақ
C-GP-3, C-GP-4, C-OGP-4, C-OGP-5, C-RGP-1	<p>Қазақстан Республикасының заннамасын білуге арналған тестілеудің міндетті бөлімі Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (5 сұрақ), Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексін (5 сұрақ), Қазақстан Республикасының Қыл мыстық кодексін (5 сұрақ), Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының кодексін (5 сұрақ), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін (5 сұрақ), "Прокуратура туралы" (12 сұрақ), "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы" (5 сұрақ), "Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарau тәртібі туралы" (5 сұрақ), "Құқық корғау қызметі туралы"(10 сұрақ), "Мемлекеттік қызмет туралы" (5 сұрақ), "Әкімшілік рәсімдер туралы" (5 сұрақ), "Мемлекеттік құпиялар туралы" (5 сұрақ), " Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" (5 сұрақ), "</p>	120 сұрақ

	Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" (5 сұрап), "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" (5 сұрап), "Ұлттық қауіпсіздік туралы" (5 сұрап), "Нормативтік құқықтық актілер туралы" (3 сұрап) Қазақстан Республикасының Зандарын, Ар-намыс кодексін (10 сұрап) білуге сұрақтарды қосады	
C-GP-5, C-GP-6, C-OGP-5, C-OGP-6, C-RGP-2	Қазақстан Республикасының заннамасын білуге арналған тестілеудің міндепті бөлімі Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрап), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (8 сұрап), Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексін (8 сұрап), "Прокуратура туралы" (12 сұрап), "Сыйбайлас жемқорлыққа карсы күрес туралы" (5 сұрап), "Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қараша тәртібі туралы" (5 сұрап), "Құқық қорғау қызметі туралы" (10 сұрап), "Мемлекеттік қызмет туралы" (5 сұрап), "Әкімшілік ресімдер туралы" (5 сұрап), "Мемлекеттік құпиялар туралы" (5 сұрап), "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" (5 сұрап), "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" (5 сұрап), "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" (5 сұрап), "Нормативтік құқықтық актілер туралы" (5 сұрап) Қазақстан Республикасының Зандарын, Ар-намыс кодексін (10 сұрап) білуге сұрақтарды қосады	120 сұрап
	Қазақстан Республикасының заннамасын білуге арналған тестілеудің міндепті бөлімі Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрап), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (10 сұрап), Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексін (8 сұрап), Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының кодексін (5	

C-OGP-7, C-OGP-8- ҚСЖАЕАЖК лауазымдарын қоспағанда, C-RGP -3, C-RGP-4	сұрақ), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін (7 сұрақ), "Прокуратура туралы" (15 сұрақ), "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қүрес туралы" (10 сұрақ), "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін карау тәртібі туралы" (5 сұрақ), "Құқық корғау қызметі туралы" (10 сұрақ), "Мемлекеттік қызмет туралы" (7 сұрақ), "Әкімшілік рәсімдер туралы" (5 сұрақ), "Мемлекеттік құпиялар туралы" (5 сұрақ), " Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" (5 сұрақ) Қазақстан Республикасының Зандарын, Ар-намыс кодексін (10 сұрақ) білуге сұрақтарды қосады	120 сұрақ
C-RGP-5, ҚСЖАЕАЖК-нің C-OGP-8 санатының лауазымдары	Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеудің міндетті бөлімі Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (10 сұрақ), Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының кодексін (7 сұрақ), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін (10 сұрақ), "Прокуратура туралы" (15 сұрақ), "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қүрес туралы" (10 сұрақ), "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін карау тәртібі туралы" (5 сұрақ), "Құқық корғау қызметі туралы" (6 сұрақ), "Мемлекеттік қызмет туралы" (6 сұрақ), "Әкімшілік рәсімдер туралы" (6 сұрақ), " Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" (5 сұрақ), "Нормативтік құқықтық актілер туралы" (5 сұрақ) Қазақстан Республикасының Зандарын, Ар-намыс кодексін (10 сұрақ) білуге сұрақтарды қосады	120 сұрақ

Ескертпе:

Компьютерлік тестілеу прокуратура органдарымен мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жүргізіледі.

Бұл тұста Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Прокуратура туралы", "Сыбайлас жемқорлықта қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2005 жылдың 3 мамырында №1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі (бұдан әрі – Ар-намыс кодексі) бойынша дұрыс жауаптардың саны әр нормативтік құқықтық акт бойынша 70 пайыздан кем болмауы тиіс.

Тестілеуді орындау уақыты 90 минутты (120 сұрак) құрайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК